

Kazakh languages.

Phraseological unit “black sheep” has its equivalents in many languages. The degree of interlingual phraseological equivalence of this phraseological unit in different languages is very high. The definition of this phraseological unit is “white among black.”

The phraseological unit in English language “black swan” has also equivalents and the same meaning in different related and unrelated languages, for example in Bulgarian language – cheren isryk, in German language schwarzer Schwan. Contrastive research helps to identify ethnic and cultural differences of phraseological units, uniqueness, the similarities and contrasts.

REFERENCES

1. Kursisa A., *Deutsch ist easy! Lehrerhandreichungen und Kopiervorlagen, Deutsch nach Englisch. A. Kursisa, Für den Anfangsunterricht. 2011, 18, 102, 104 (in Deu).*
2. Rösler D., *Deutsch als Zweit- und Fremdsprache, Gemeinsamkeiten und Unterschiede. D. Roessler, Deutsch als Fremdsprache. 2011, 14, 149, 160 (in Deu).*
3. Rösler D., *Deutsch als Fremdsprache außerhalb des deutschsprachigen Raums. D. Roessler, Ein praktischer Beitrag zur Fortbildung von Fremdsprachenlehrern. 2011, 12, 105, 108 (in Deu).*
4. Marion G., *Neue methodische Ansätze im DaF Unterricht mit Beiträgen deutscher und usbekischer WissenschaftlerInnen. G. Marion, Neue methodische Ansaetze. 2011, 55, 58 (in Deu).*
5. Jakobson R., *Implications of language universals for linguistics. R. Jakobson, Universals of language. 2006, 11, 107, 111 (in Eng).*

ӘОЖ 343.982.5

Қ.Қ. НҮРМҰХАМБЕТОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТІН ЖҮРГІЗУ БАРЫСЫНДА КРИМИНАЛИСТИКАЛЫҚ СУРЕТТІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Тергеу әрекетін жүргізу барысында фототүсірілімдер өте жиі қолданылады. Суретке түсіру объектілеріне: оқиға болған жердің жалпы жағдайы мен оның бөлігі, мәйіт, іздер және басқа да заттай дәлелдемелер жатады. Оқиға болған жерді түсіру келесідей әдіс түрлері арқылы жүзеге асырылады: бағдарлап, шолып, түйінді және детальды түсіру әдістері.

Түйін сөздер: криминалистикалық сурет: бағдарлап түсіру, шолып түсіру, негізгі түсіру, бөлшектеп түсіру.

**ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ КРИМИНАЛИСТИЧЕСКОЙ
ФОТОГРАФИИ ПРИ ПРОВЕДЕНИИ СЛЕДСТВЕННЫХ ДЕЙСТВИЙ**

В ходе следственных действий часто используются фотографии. Объекты фотографий включают в себя: общее состояние события и его части, труп, следы и другие естественные доказательства. Фотографирование места происшествия происходит посредством следующих методов: ориентированного, обзорного, узлового и детального.

Ключевые слова: криминалистическая фотография: ориентирующая, обзорная, узловая, детальная.

FEATURES OF THE USE OF CRIMINALISTIC PHOTOGRAPHY IN CONDUCTING INVESTIGATORY ACTION

Photographs are often used during investigative actions. For photographic objects: the general condition of the incident. Objects of photography include: the general condition of the event and its part, corpses, traces and other natural evidences. The scene of the incident is carried out by means of the following types of methods: oriented, navigable, node and detachment methods.

Keywords: Forensic photography: orienting, overview, nodal, detailed.

Тергеу әрекетін жүргізу барысында фототүсірілімдер өте жиі қолданылады. Фототүсірілім объектілеріне: оқиға болған жердің жалпы жағдайы мен оның бөлігі, мәйіт, іздер және басқа да заттай дәлелдемелер жатады.

Тергеу қарауын жүргізу кезінде оқиға болған жерді суретке түсіру, оқиға болған жердің жағдайын және ол жерден табылған қылмыстық іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді дұрыс әрі толық бекіту тергеу әрекетінде қойылатын негізгі талаптардың біріне жатады [1].

Оқиға болған жерді суретке түсіру келесідей тәртіпте орындалуы тиіс: а) оқиға болған жер және оның жекеленген бөлігінің жағдайы жөнінде толық мағлұмат алатындай көрнекі түрде түсірілуі шарт; ә) оқиға жағдайы барынша толық, әрі дәлме-дәл түсірілуі қажет; б) қажет болған жағдайда түсірілген объектілердің көлемі жөнінде мәлімет бере алатындай етіліп (метрлік және масштабты) түсірілуі тиіс.

Оқиға болған жерді түсіру келесідей әдіс түрлері арқылы жүзеге асырылады: бағдарлап, шолып, түйінді және детальды түсіру әдістері.

Бағдарлап түсіру – оқиға болған жердің өзін ғана түсіріп қоймай, сонымен қатар айналадағы оған жақын тұрған объектіні де қамтып түсіруге арналған әдіс. Оқиғаның нақты қай жерде болғандығы жөнінде бағдарлап білу мақсатында қолданылатын, яғни оқиға болған жердегі жылжымайтын объектіні оқиғаға, қылмысқа еш қатысы болмаса да айналамен қамтып қоса түсіру әдісі. Мысалы, жол-көлік оқиғасы болған жағдайда оқиға болған жердегі жол белгілерінің қоршаулары, оған жақын орналасқан жылжымайтын объектілер қоса түсіріледі.

Шолып түсіру – бұл оқиға болған жерді қоршаған айналасынсыз тек өзін ғана түсіру әдісі. Бұл әдісті қолдану кезінде фотоаппарат оқиға болған жердің

толық көрінуіне немесе оның көпшілік бөлігінің көрінуіне мүмкіндік беретін нүктеге қатысты орналастырылады. Шолып түсіру арқылы оқиға болған жердің жағдайын анықтауға және орналасқан заттар туралы дұрыс түсінік алуға болады.

Түйінді түсіру – оқиға болған жердің жеке учаскелерін және ондағы қылмыстық материалдық белгілерінің барынша көп шоғырланған жерлерін ірі масштабта түсіру әдісі (мысалы, қылмыстың материалдық басым бөлігі, яғни мәйіттің жатқан жері, өрт ошағы және т.б. көрсетіледі).

Детальды түсіру – бұл жеке іздерді және заттарды өлшеу масштабымен түсіру әдісі. Заттай дәлелдемелер мен іздердің сыртқы белгілерін бейнелеп көрсету үшін детальды түсіру әдісі қолданылады. Детальды түсіру әдісінің, объектілеріне: қару-жарақ, оқ, гильза, қылмыс құралдары мен олардың іздері, қол, аяқ, көлік құралдарының іздері, ұрланған заттар мен өзге де объектілер жатады. Детальды түсіру кезінде фотоаппаратты объектінің тек өзі немесе оның қажетті бөлігі ғана кадрға сиятындай қашықтықта орналастыру қажет.

Жергілікті жерде детальды түсіру барысында күн сәулесі түсірілетін объектінің алдына немесе артына емес, тек жанына түскен кезде ғана нақты, әрі айқын фотосуреттер алынады. Қысқы уақытта фотосуреттер алу үшін сары және қызғылт сары жарық-фильтрлері қолданылады.

Ғимарат, тұрғын-жай және т.б. жабық жерлерде детальды түсіру кезінде күн сәулесі терезеден түсіп тұрған жағдайда терезеге мата іліп, қараңғы жерлерді түсіруге есептелген ұстау (выдержка) қолданылады.

Оқиға болған жерді түсіру көп жағдайларда электрлік тұтану шырағы арқылы жарықтандырылады [2].

Мәйітті түсірудің де өзіндік әдістері бар. Алғашқыда мәйітті қоршаған ортамен қамти отырып бірнеше жағынан түсіреді. Кейіннен мәйіт қоршаған ортасыз тек өзі ғана түсіріледі. Оны түсіру барысында орналасу жай-күйі жағдайын, денесінің ашық жерлерін және киімін толық бейнелеп көрсетуге аса көңіл бөлінуі керек. Мәйіт қоршаған ортасыз екі қарама-қарсы жағынан түсіріледі. Түсіру кезінде фотоаппарат объективінің негізгі оптикалық осі мәйіттің ұзына бойлық осіне перпендикулярлы болатындай етіп орналастыру қажет. Сонымен қатар, аппарат объективін төмен қаратып мәйітті жоғарғы жағынан вертикальды түсіру әдісі ұсынылады. Мәйіт табылған ғимарат, үй-жай және т.б. жерлер өте тар болған жағдайда, ол панорамалық әдісті немесе кең бұрышты объективті қолдану арқылы түсіріледі. Панорамалық түсіру әдісі мәйітті бас жағынан беліне дейін, содан соң белінен аяғына дейін жеке-жеке түсіріп, одан бір фотосурет шығаратын екі немесе үш, төрт үзіндіден тұрады. Жарақат, күйік, қан іздері, киімінің бүлінуі сияқты сипаттағы ерекшеліктер миллиметрлік масштабпен ірі көлемде суретке жеке түсіріліп бекітіледі. Мәйіт табылған кезде қандай жағдайда (үсті-басы кір, лас, қатып қалған және т.б.) болса, суретке алғашқыда

сол күйінде түсіріледі, содан соң мәйітке әрлеу жұмыстарын (сот-медициналық, мәйітті ерітіп қалпына келтіру және т.б.) жүргізгеннен кейін де суретке түсіріледі. Танылмаған мәйітті түсіру тануға керсету үшін түсірілетін әдіс тәртібімен жүзеге асырылады. Танылмаған мәйіттің суреті картамен бірге қылмыстық тіркеу органына жіберіледі. Іздер мен заттар, яғни заттай дәлелдемелер олардың табылған жерлері мен орналасу жағдайы, сыртқы құрылысының жалпы және жеке белгілері көрсетіле отырып суретке түсіріледі [3].

Бастапқыда оқиға болған жердің белгілі бір учаскесінде шоғырланған барлық іздер мен заттар тобы түсіріледі. Елеулі ұзындықтағы учаскедегі іздер тобы (мысалы: аяқкиім, көлік құралдарының іздерінің жолы) панорамалық, әдіспен түсіріледі. Содан соң біртекті іздердің ішінен толық әрі нақты түскен іздер іріктелініп алынып, миллиметрлік масштабты сызғыштың көмегімен жеке-жеке суретке түсіріледі. Нашар көрінетін қолдың майлы іздерінің фототүсірілімі (әйнек, пластмасса, жылтыр бетті заттарда қалдырылған) қараңғы бөлмеде күңгірт әйнекті фотокамерамен 1:1 масштабымен жүзеге асырылады. Қолдың іздері аз форматты аппаратпен («Зенит») ұзартқыш сақиналарды пайдалану арқылы түсіріледі. Күн сәулесінің зиянды әсерін жою үшін, затқа із үшін кесілген кескіні бар қара қағаздың парағын салу қажет. Ізді жарықтандырғыш рефлекторына жарық өткізбейтін қара қағаздан жасалған конусты кигізу арқылы алынатын сәулені қырынан түсіру жолдары ұсынылады. Егер із-түссіз материалдарда орналасса, онда оған қарама-қарсы жағынан белгілі бір қашықтықта қара түсті мата немесе қағаз қою қажет. Әйнекте орналасқан із өтпелі жарықпен түсірілуі мүмкін. Бұл жағдайда тік тұрған ұстағыш арқылы әйнекті бекітеді және оның үстін із үшін кесілген «маскамен» жабады. Із жағынан әйнекке қарсы фотоаппарат қояды, қарама-қарсы жағынан қара экран, ал қырынан жарықтандырғыш орналастырылады. Жарық (сәуле) әйнекке 45-60 бұрышта бағытталады. Қолдың көрінбейтін майлы іздері, оларды ұнтақтармен бояғаннан кейін немесе репродукциялық түсіру тәртібіндегі әдістермен суретке түсіріледі. Аяқтың көлемді іздерін, көлік құралдарының, бұзу құралдарының іздерін түсіруге жарықтандырудың екі қайнар көзі қолданылады. Біреуі фотоаппаратпен қатар, ал екіншісі іздің қырынан орналастырылып түсіріледі. Біріншісі – іздің нақты формасын, екіншісі ізді қалдырушы заттың құрылысының ерекшеліктерін көрсетуді қамтамасыз етеді. Қырынан түсірілетін жарықтың көзі іздің сызықтық ерекшеліктеріне байланысты перпендикулярлы түрде бағытталады [4].

Ең қолайлы жағдай тәжірибелі жолмен таңдалады. Өзіндік ерекшеліктердің әртүрлі бағытта орналасуына байланысты жарық көздерін әртүрлі жағынан қою жолымен суретке түсіру керек. Ізді жарықтың бір ғана қайнар көзін пайдалану арқылы да фотосуретке түсіруге болады. Терең іздерде кездесетін артық көлеңкелерді жою үшін ақ қағаздан немесе матадан жасалған жарықтандырғыш

экрандарды пайдаланып түсіреді. Экрандар жарық көзіне қарама-қарсы жағынан орналастырылады. Қардағы іздерді сары немесе сарғыш-күңгірт жарық фильтрлерімен қырынан жарықтандыру жолымен түсіруге болады. Заттар, яғни заттай дәлелдемелер, біріншіден, табылған жерінде, ал одан кейін қарама-қарсы (контрастылы) түстегі ортада түсіріледі. Заттың айналасында көлеңкелердің пайда болуын болдыртпау үшін мата немесе қағазды төсеп, мықты қондырғылардың көмегімен түссіз әйнектерді белгілі бір арақашықтыққа орналастырады. Суретке түсірілетін объект әйнектің бетіне қойылады. Жазықтықта түсірілетін заттың жанына миллиметрлік масштаб қойылып фотосуретке түсіріледі. Заттарды түсіру кезінде екі жарықтандыру көздерін қолдану қажет, тікелей – объектінің жалпы контурын көрсетіп және қырынан бедерлі белгілері көрінетіндей етіп түсіру керек. Заттай дәлелдемелердің жалпы түрін түсірумен қатар олардың белгілері (шығарылған фабрика маркасы, оның иесінің атауы, нөмірі, зақымданған жерлері және т.б.) ірі масштабта түсіріледі.

Құжаттардың фототүсірілімі көбінде ұлғайтқыш сақина көмегімен және қосымша жарықтандыру кездерін пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Егер де құжаттарда: тазарту, қосып жазу, химиялық реактивтер қолдану арқылы өңдеу іздері мен басқа да жалған құжат жасау белгілері болған жағдайларда микроскопты, ультракүлгін және инфрақызыл сәулелерінде түсіру, сондай-ақ түсті жарық фильтрді және т.б. қолдану арқылы арнайы түсірілім әдістері қолданылады. Фототүсірілім адамдар мен заттарды тануға ұсыну кезінде қолданылады. Алдымен тануға ұсынылатын адамдар мен заттардың жалпы тобы, ал одан кейін танылған адам (қарсы алдынан, бетпе-бет, оң жақ қырынан) немесе зат (ірі масштабта сызғышпен) жеке-жеке түсіріледі. Тануға көрсетілетін тұлғалардың немесе заттардың фото-түсірілімі, топ мүшелерінің сыртқы түрлерінде ерекше өзгешеліктерді болдырмау туралы заң нұсқаулары талаптарының орындалуын тексерудің бірден-бір тиімді тәсілі болып табылады. Егер тірі адамды, яғни адамның өзін тануға көрсетуге мүмкіндік болмаған жағдайларда, тану фотосурет арқылы жүргізіледі.

Танылатын тұлғаның фотосуреті оған ұқсас басқа тұлғалардың фотосуретімен бірге ұсынылады. Тануға көрсетілетін фотосуреттер саны үштен кем болмауы қажет. Тануға ұсынылатын адамның басы әртүрлі жағдайларда (қарсы алдынан, бетпе-бет, оң жақ қырынан) бірнеше рет түсіріледі. Сондай-ақ көрсетілетін фотосуреттер де осындай жағдайларда орындалуы тиіс. Әрбір тұлғаның фотосуреті бөлек қағаз беттеріне жапсырылады, ал алынған кесте реттік нөмірлермен белгіленеді. Егер қандай да затты тануға көрсету қажеттілігі туындаса, сол зат басқа да көрсетілетін біртектес заттармен қатар орналастырылып түсірілуі (саны үшеуден кем болмауы) тиіс. Түсірудің алдында әр заттың қасына нөмірмен белгіленген қағаз немесе картон қойылады [5].

Тінту нәтижесінің бейнесін нақты сақтап қалу және сипаттау үшін тінту жүргізу барысында фототүсірілімдер жасалады. Дәлірек айтқанда, табылған құпия орындар тінту арқылы алынған заттай дәлелдемелер, олардың ерекше белгілері, құнды, бағалы заттар мен қағаздар және т.б. фотосуретке түсіріледі.

Іздестіріліп отырған зат табылған құпия орын, оқиға болған жерді суретке түсірудің ереже тәртібіндегідей: бағдарлап, шолып, түйінді және детальды түсіру әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады. Тергеу әрекетін жүргізу барысында фототүсірілімдер өте жиі қолданылады. Фототүсірілім объектілеріне: оқиға болған жердің жалпы жағдайы мен оның бөлігі, мәйіт, іздер және басқа да заттай дәлелдемелер жатады. Тергеу қарауын жүргізу кезінде оқиға болған жерді суретке түсіру, оқиға болған жердің жағдайын және ол жерден табылған қылмыстық іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді дұрыс әрі толық бекіту тергеу әрекетінде қойылатын негізгі талаптардың біріне жатады.

Оқиға болған жерді суретке түсіру келесідей тәртіпте орындалуы тиіс: а) оқиға болған жер және оның жекеленген белгінің жағдайы жөнінде толық мағлұмат алатындай көрнекі түрде түсірілуі шарт; ә) оқиға жағдайы барынша толық, әрі дәлме-дәл түсірілуі қажет; б) қажет болған жағдайда түсірілген объектілердің көлемі жөнінде мәлімет бере алатындай етіліп (метрлік және масштабты) түсірілуі тиіс.

Оқиға болған жерді түсіру келесідей әдіс түрлері арқылы жүзеге асырылады: бағдарлап, шолып, түйінді және детальды түсіру әдістері. Бағдарлап түсіру – оқиға болған жердің өзін ғана түсіріп қоймай, сонымен қатар айналадағы оған жақын тұрған объектіні де қамтып түсіруге арналған әдіс. Оқиғаның нақты қай жерде болғандығы жөнінде бағдарлап білу мақсатында қолданылатын, яғни оқиға болған жердегі жылжымайтын объектіні оқиғаға, қылмысқа еш қатысы болмаса да айналамен қамтып қоса түсіру әдісі. Мысалы, жол-көлік оқиғасы болған жағдайда оқиға болған жердегі жол белгілерінің қоршаулары, оған жақын орналасқан жылжымайтын объектілер қоса түсіріледі. Шолып түсіру – бұл оқиға болған жерді қоршаған айналасынсыз тек өзін ғана түсіру әдісі. Бұл әдісті қолдану кезінде фотоаппарат оқиға болған жердің толық көрінуіне немесе оның көпшілік бөлігінің көрінуіне мүмкіндік беретін нүктеге қатысты орналастырылады. Шолып түсіру арқылы оқиға болған жердің жағдайын анықтауға және орналасқан заттар туралы дұрыс түсінік алуға болады. Түйінді түсіру – оқиға болған жердің жеке учаскелерін және ондағы қылмыстық материалдық белгілерінің барынша көп шоғырланған жерлерін ірі масштабта түсіру әдісі (мысалы, қылмыстың материалдық басым бөлігі, яғни мәйіттің жатқан жері, өрт ошағы және т.б. көрсетіледі). Детальды түсіру – бұл жеке іздерді және заттарды өлшеу масштабымен түсіру әдісі. Заттай дәлелдемелер мен іздердің сыртқы белгілерін бейнелеп көрсету үшін детальды түсіру әдісі қолданылады. Детальды

түсіру әдісінің объектілеріне: қару-жарақ, оқ, гильза, қылмыс құралдары мен олардың іздері, қол, аяқ, көлік-құралдарының іздері, ұрланған заттар мен өзге де объектілер жатады. Детальды түсіру кезінде фотоаппаратты объектінің тек өзі немесе оның қажетті бөлігі ғана кадрға сиятындай қашықтықта орналастыру қажет. Ол үшін алдымен құпия орын орналасқан жер – қоршаған ортамен қатысты заттарды қамти отырып, содан соң құпия орынның өзі толығымен, ал қажет болған жағдайларда оның жеке бөліктері (мысалы, құпия орынның құрылыс бөлігі) фотоға түсіріледі. Кейбір жағдайларда детальды түсірілімдер де (мысалы, құпия орынның механизмінің ұсақ бөлшектері) қажет болады. Аталған түсірілімдер тінту нәтижесін объективтендірудің қажетті құралы болып табылады. Фототүсірілім тергеу экспериментін жүргізудің жағдайын, оның негізгі кезеңдері мен нәтижесін көрнекі түрде көрсету үшін қолданылады. Бұл дәлелдеу процесін объективтендіруге мүмкіндік туғызады.

Тергеу экспериментін жүргізу арқылы тергеліп отырған оқиғаның механизмі, қандай да бір әрекетті жасау мүмкіндігі және т.б. анықталады. Тергеу эксперименті барысында фототүсірілімді қолдану оның нәтижесінің ақиқаттылығын куәландырып, дәлелдемелік күшін арттырады. Тергеу экспериментін жүргізу кезінде бағдарлап, шолып және түйінді фототүсірілім әдіс түрлері қолданылады. Мысалы, адамның объектіге қабырғаның тесіп жарылған тесігі арқылы кіру мүмкіндігін тексеру кезінде жарылған тесікті жан-жағындағы қоршаған ортамен қосып, содан соң тесіктің өзін ірі масштабта түсіру керек. Түйінді түсіру тәртібімен эксперименттің жеке кезеңдері бекітіледі. Мысалы, тергеу экспериментіне қатысушы тұлға қабырғаның тесігіне кіру, содан соң ол тесіктен өту кезінде суретке түсіріледі. Ал шолып және түйінді түсіру кезінде эксперименттің түпкілікті нәтижесі, яғни нақты жағдайларда іс-әрекеттердің жасалу немесе жасалмау мүмкіндігі көрсетіледі. Мысалы, тесіктен өтіп шығу кезеңдері түсіріледі. Қажет болған жағдайларда эксперимент жүргізілетін жерлерді байырғы қалпына келтіру жұмыстары жүргізілсе, ол жұмыстар жүргізілмес бұрын және жүргізілгеннен кейін де суретке түсіріледі. Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау кезінде белгілі бір оқиға болған жер учаскелерін немесе жауап алынған тұлғалардың берген көрсетулеріндегі жеке объектілердің бейнесін көрнекі түрде бекіту және жүргізіліп отырған бұл тергеу әрекетінің нәтижесін объективтендіру мақсатында фототүсірілімдер жасалады. Объектілерді жергілікті қоршаған ортаны қамти отырып және жауап алынған тұлғалардың берген көрсетулеріндегі жеке көріністерін кадрға сиятындай етіп ірі көлемде фотосуретке түсірген жөн. Жауап алынған тұлғаның көрсеткен қозғалыс бағытын немесе оның көрсетулер беру кезіндегі қозғалысын жеке бөлшектеп панорамалық әдіспен бекіту қажет. Бірнеше адамның бір жер бойынша берген көрсетулерін сол оқиға болған жерде тексеру кезінде жылжымайтын объектілерді

кадрға бекіте отырып бір және сол нүктеден фототүсірілімдер жасау қажет. Бұл алынған көрсетулердегі сәйкестік пен айырмашылықтарды барынша дәлелдеуге мүмкіндік бере отырып, жүргізілген тергеу әрекетінің нәтижесін дұрыс бағалауды жеңілдетеді. Әрбір тұлғаның көрсетулерін тексеру барысындағы түсірілім нүктелері хаттамаға бекітіліп, схемада көрсетілуі тиіс. Көрсетулерін оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау барысында алғашқыда тергеу экспериментін жүргізу және оның нәтижелерін бекіту кезіндегідей қолданылатын: бағдарлап, шолып, түйінді және детальды түсіру әдістері міндетті түрде қолданылуы қажет, ал содан соң метрлік фототүсірілім жасалуы тиіс. Сезіктің ұстау кезінде түсірілетін фототүсірілімдер: сезікті тұлғалар қылмыс жасау үстінде немесе қылмыс жасап біте салып ұсталған; қылмыстың қалай жасалғанын көрген куәлар, соның ішінде жәбірленушілер көрсеткен нақты бір адамдар болған; оның денесінен немесе киімінен, болмаса тұрғын жайынан қылмыс іздері табылған жағдайларда жүзеге асырылады. Ұстау кезінде келесідей нақты жағдайларға байланысты: ұстау барысындағы объектілердің (тұрғын-жайдың, ғимараттың, жергілікті жердің, көлік құралдарының және т.б. сыртқы көрінісінің) жалпы жағдайы; ұсталған кездегі олардағы заттар (оның түрі және киімдері мен денелеріне орналасу жағдайы); тұлғаны ұстау кезінде оның лақтырып жіберуге әрекеттенген заттары; ұсталған субъектінің денесіндегі, киіміндегі іске маңызы бар іздер; ұсталған тұлғаның үстіндегі киімдері (олар ұрланған болуы, болмаса оны куәлар мен жәбірленушілер қылмыс жасау үстінде сол киімімен көруі мүмкін) фотосуретке түсіріледі. Аталған объектілер міндетті түрде шолып, түйінді және детальды әдістермен түсіріледі. Тергеу әрекетін жүргізу барысында фототүсірілімдер өте жиі қолданылады. Фототүсірілім объектілеріне: оқиға болған жердің жалпы жағдайы мен оның бөлігі, мәйіт, іздер және басқа да заттай дәлелдемелер, тергеу қарауын жүргізу кезінде оқиға болған жерді суретке түсіру жатады. Оқиға болған жердің жағдайын және ол жерден табылған қылмыстық іздер мен басқа да заттай дәлелдемелерді дұрыс әрі толық бекіту тергеу әрекетінде қойылатын негізгі талаптардың біріне жатады.

Оқиға болған жерді суретке түсіру келесідей тәртіпте орындалуы тиіс: а) оқиға болған жер және оның жекеленген белгінің жағдайы жөнінде толық мағлұмат алатындай көрнекі түрде түсірілуі шарт; ә) оқиға жағдайы барынша толық, әрі дәлме-дәл түсірілуі қажет; б) қажет болған жағдайда түсірілген объектілердің көлемі жөнінде мәлімет бере алатындай етіліп (метрлік және масштабты) түсірілуі тиіс.

Куәландыру әрекеті барысындағы фототүсірілім. Куәландыру, айыпкерге, сезіктіге және куә мен жәбірленушіге жүргізілуі мүмкін. Фототүсірілімге міндетті түрде олардың денесіндегі ерекше белгілері мен жарақаттары, олардың орналасуы, сондай-ақ киімдері мен денелеріндегі балшық, топырақ т.б. (оқиға

болған жердің белгісі екендігін куәландыратын) және басқа да іздер бекітіледі. Куәландырылатын тұлға тәртіп бойынша, ұзына бойын ала отырып және беліне дейін, содан соң ұлғайтқыш сақинаны қолданып ірі масштабты әдіспен анықталған барлық ерекшеліктері көрсетіле отырып фотосуретке түсіріледі [8]. Мұнда барлық түсірілімдер түсті материалдарда жүзеге асырылады. Тергеу кезінде қолданылған фототүсірілімдер тиісті тергеу әрекетінің хаттамасында бекітіледі. Хаттамада келесідей мәліметтер қамтылып көрсетіледі: түсірілім объектісінің атауы, фотоаппарат моделі, объективтің маркасы, жарықтандыру түрі, жарық фильтрі, фотосуретке түсіру тәсілдері және т.б. Түсірілім кезінде фотоаппарат орналасқан нүктелердің реттік нөмірін түсірілген фотосуреттердің кезектілік нөмірімен сәйкес етіп, жасалған жоспар немесе кестеде көрсете отырып хаттамаға бекіткен жөн. Тергеу барысында қателіктер кетіп, түсірілген фотосуреттерді кейіннен шығару мүмкін емес болған жағдайларда, ол туралы анықтама жазылады және тергеушінің қолымен куәландырылып, іске тіркеледі. Түсірілген фотосуреттер хаттамада түсіндірме мәтінмен жазылып баяндалады. Мәтінде түсірілім объектісі жүргізілген, тергеу әрекетінің атауы, уақыты (айы, күні, жылы), фотосурет тіркеліп отырған тергеу әрекетінің хаттамасы көрсетілуі қажет. Егер түсірілім кезінде ерекшелік белгісін сипаттау үшін сандық кестелер қолданылған жағдайларда, түсіндірме мәтінде қандай сан белгіленгендігі көрсетілуі тиіс. Мұндай түсіндірмелер әсіресе тушыпен немесе сиямен жазылған мәтіндегі ерекшеліктер стрелкамен белгіленген жағдайда өте қажет. Түсіндірме мәтін түсірілген суреттің артқы бетіне немесе фотосурет жапсырылатын қағазға жазылады. Олар мөрленіп, тергеуші немесе анықтама жүргізушінің қолымен куәландырылады. Егер суретті мамандар түсірсе, олар өз қолдарын қояды. Мүмкіндігінше куәгерлердің қолдарымен де куәландырылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шопабаев Б. Основы трасологии / Б. Шопабаев. – Алматы, 2013.
2. Темірболат Н.С. Криминалистикалық болжау және оның тергеуде атқаратын рөлі / Н.С. Темірболат. – Алматы, 2014.
3. Тапалова Р.Б. және т.б. Криминалистік әдістеме, 2014.
4. Шопабаев Б.А. Научные основы криминалистического исследования материалов, веществ и изделий / Б.А. Шопабаев. – Алматы, 2015.
5. Аубакиров А.Ф. Криминалистическая цифровая фотография / А.Ф. Аубакиров. – Алматы, 2011.
6. Аверьянова Т.В., Статкус В.Ф. Эксперт – Руководство для экспертов органов внутренних дел / Т.В. Аверьянова, В.Ф. Статкус. – М., 2003.
7. Арыстанбеков М.А. Криминалистика: оқу-әдістемелік құрал / М.А. Арыстанбеков, А.О. Шакенов. – Қарағанды, 2003.
8. Шопабаев Б.А. Криминалистическая техника / Б.А. Шопабаев, Д.Д. Сатыболдинов. – Алматы, 2010.
9. Бегалиев Е.Н. Расследование преступлений, совершаемых путем подделки материальных объектов / Е.Н. Бегалиев. – Алматы: ДайкПресс, 2008. – 368 с.

10. Ручкин В.А. Криминалистическая экспертиза оружия и следов его применения: вопросы теории, практики и методики: учебно-метод. пособие / В.А. Ручкин; РАО. – М.: Изд-во МПСИ, 2004. – 344 с. – (Криминалистика).
11. Криминалистика: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2006.

REFERENCES

1. Shopabaev B., *Osnovy trasologii, Almaty, 2013 (in Russ)*.
2. Temirbolat N.S., *Kriminalistikalyq bolzhau zhane onyn tergeude atkaratyn roli, Almaty, 2014 (in Kaz)*.
3. Tapalova R.B. zhanet.b., *Kriminalistik adisteme, 2014 (in Kaz)*.
4. Shopabaev B.A., *Nauchnye osnovy kriminalisticheskogo issledovanija materialov, veshhestv i izdelij, Almaty, 2015 (in Russ)*.
5. Aubakirov A.F., *Kriminalisticheskaja cifrovaja fotografija, Almaty, 2011 (in Russ)*.
6. Aver'janova T.V., Statkus V.F., *Jekspert, rukovodstvo dlja jekspertov organov vnutrennih del. M., 2003 (in Russ)*.
7. Arystanbekov M.A., Shakenov A.O., *Kriminalistika. Oqu adistemelik qural. Қараранды, 2003 (in Kaz)*.
8. Shopabaev B.A., Satyboldinov D.D., *Kriminalisticheskaja tehnika. Almaty, 2010 (in Russ)*.
9. Begaliev E.N., *Rassledovanie prestuplenij, sovershaemyh putem poddelki material'nyh ob'ektov. E.N. Begaliev. Almaty, DajkPress, 2008, 368 (in Russ)*.
10. Ruchkin, V.A., *Kriminalisticheskaj ekspertiza oruzhija i sledov ego primenenija: voprosy teorii, praktiki i didaktiki: uchebno, metod. posobie. V.A. Ruchkin. RAO. M., Izd.vo MPSI, 2004, 344 (in Russ)*.
11. *Kriminalistika, Oqulyq, Almaty, ZhetiZharqy, 2006 (in Kaz)*.

УДК 347.961

А.А. САНСЫЗБАЕВ, М.И. ДЯЧУК

Восточно-Казахстанский государственный университет имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, Казахстан

ДОКАЗАТЕЛЬСТВО И ДОКАЗЫВАНИЕ В ЮРИДИЧЕСКОЙ ПРАКТИКЕ

Статья посвящена исследованиям доказательств в области науки и юридической практики, разнообразиям понятий и подходов к определению доказательств и доказывания.

Ключевые слова: доказательство, доказывание, юридическая практика, юридическая наука, теория государства и права, обоснования.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕ ДӘЛЕЛДЕУ ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР

Мақала ғылым саласындағы дәлелдемелерді зерттеуге және заңды тәжірибеге, дәлелдемелер мен дәлелдеуді айқындаудың әртүрлі ұғымдары мен тәсілдеріне арналған.

Түйін сөздер: дәлелдеу, дәлелдемелер, құқықтық тәжірибе, заң ғылымы, мемлекет пен құқық теориясы, дәлелдемелерді негіздеу, тақырып, құқық қорғау органдары.